

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі туралы конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 сәуірдегі N 467 Қаулысы
кез-келген Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі туралы конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі туралы конвенциясын ратификациялау туралы

Нью-Йоркте 2004 жылғы 2 желтоқсанда қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі туралы конвенциясы ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ИММУНИТЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МЕНШІГІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Б і р і к к е н Ұ л т т а р Ұ й ы м ы

2004 жыл

Біріккен Ұлттар Ұйымының Мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі туралы конвенциясы

Осы Конвенцияға қ а т ы с у ш ы м е м л е к е т т е р ,

мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі әдеттегі халықаралық құқық қағидаттарының бірі ретінде жалпыға танылғандығын есептей
о т ы р ы п ,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында іске асырылған халықаралық құқық қағидаттарын *н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п* ,

мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі туралы халықаралық конвенция құқық үстемдігін күшейтетіндігін және құқықтық анықтылықтың, әсіресе мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда

дәрежесін арттыратындығын және халықаралық құқықты кодификациялауға және дамытуға және осы саладағы практиканы келісуге ықпал ететіндігін *пайымдай отырып*

’,
мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігіне қатысты мемлекеттер практикасындағы өзгерісті *ескере отырып*,
әдеттегі халықаралық құқық нормалары осы Конвенцияның ережелерінде көзделмеген мәселелерді реттеуді жалғастыратындығын *растай отырып*,
төмендегілер туралы уағдаласты:

I б ө л і к

Кіріспе

1 - б а п

Осы Конвенцияның қолданылу саласы

Осы Конвенция мемлекеттің иммунитетіне және оның меншігіне басқа мемлекет соттарының юрисдикциясынан қолданылады.

2 - б а п

Терминдерді қолдану

1. Осы Конвенцияның мақсаты үшін:

а) "сот" атауына қарамастан сот төрелігі функциясын жүзеге асыруға құқылы мемлекеттің кез-келген органын білдіреді;

б) м е м л е к е т :

I) мемлекет және оның әртүрлі басқару органдарын;

II) федеративті мемлекеттің құрамдас бөліктері немесе егеменді билікті жүзеге асыруда әрекет етуге құқылы және осы мақсатта әрекет ететін мемлекеттің саяси б ө л і м ш е л е р і н ;

III) мекемелер немесе мемлекеттің институциялары не олар жасауға құқылы деңгейдегі және мемлекеттің егеменді билігін жүзеге асыруда нақты әрекет жасайтын б а с қ а да құ р ы л ы м д а р д ы ;

IV) осы мақсатта әрекет ететін мемлекет өкілдерін білдіреді;

с) "коммерциялық мәміле":

I) кез-келген коммерциялық келісім-шартты немесе тауарларды сатып алу-сату туралы немесе қызмет көрсету туралы мәмілені;

II) қарыз туралы кез-келген келісім-шартты және кез-келген мұндай қарызға немесе мәмілеге қатысты кепілдік немесе өтемақы бойынша кез-келген міндеттемені қоса алғандағы қаржылық сипаттағы кез-келген мәмілені;

III) кез-келген өзге келісім-шартты немесе еңбек шарттарын қоспағанда, коммерциялық, өнеркәсіптік, сауда немесе кәсіби сипаттағы мәмілені білдіреді.

2. Келісім-шарт немесе мәмілесі 1(с) тармағына сәйкес "коммерциялық мәміле" болып табылатындығын анықтау кезінде, ең алдымен осы келісім-шарттың немесе мәміленің табиғатына сүйенген жөн, алайда келісім-шарттың немесе мәміленің

тараптары осы туралы келіссе немесе егер, мемлекет сотының практикасына сәйкес бұл мақсаттың осы келісім-шарттың немесе мәміленің коммерциялық емес сипатын анықтауға қатысы болса, олардың мақсатын ескерген жөн.

3. Осы Конвенциядағы терминдерді қолдануға қатысты 1 және 2-тармақтардың ережелері осы терминдерді қолдануға немесе басқа халықаралық құжаттарда немесе кез-келген мемлекеттің ішкі құқығында оларға берілетін мәнге нұқсан келтірмейді.

3 - б а п

Осы Конвенцияда қозғалмайтын артықшылықтар және иммунитеттер

1. Осы Конвенция халықаралық құқыққа сәйкес мемлекет:

а) оның дипломатиялық өкілдіктері, консульдық мекемелер, арнайы миссиялар, халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктер немесе халықаралық ұйымдар органдарында немесе халықаралық конференциялардағы делегациялар; және
б) оларға жататын адамдар функцияларын жүзеге асыруға қатысты пайдаланылатын артықшылықтар мен иммунитеттерге нұқсан келтірмейді.

2. Осы Конвенция халықаралық құқыққа сәйкес *ratione personae* мемлекеттерінің басшыларына ұсынылатын артықшылықтар мен иммунитеттерге нұқсан келтірмейді.

3. Осы Конвенция халықаралық құқыққа сәйкес мемлекет әуе кемелеріне немесе мемлекетке тиесілі немесе олар пайдаланылатын ғарыш объектілеріне қатысты иммунитеттерге нұқсан келтірмейді.

4 - б а п .

Осы Конвенцияның кері күші болмауы

Осы баптарға қарамастан халықаралық құқық күшінде мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі ықпалына түсетін осы Конвенцияда жазылған кез-келген нормаларды нұқсансыз қолдану үшін, осы Конвенция мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеттері және олардың меншігі туралы басқа мемлекеттің сотында қандай-да бір мемлекетке қарсы талқылау барысында туындаған кез-келген мәселеге тиісті мемлекет үшін осы баптар күшіне енгенге дейін қолданылмайды.

I I

б ө л і к

Жалпы қағидаттар

5 - б а п

Мемлекеттің иммунитеті

Мемлекет осы Конвенция ережелерін ескере отырып, басқа мемлекет соттары юрисдикцияларынан өзіне және өз меншігіне қатысты иммунитетті пайдаланады.

6 - б а п

Мемлекет иммунитетін қамтамасыз ету тәсілдері

1. Мемлекет басқа мемлекетке қарсы қозғалған өзінің соттарындағы істер талқылауы кезінде 5-бапта көзделген мемлекеттердің иммунитетін қамтамасыз етеді және осы мақсатта 5-бапқа сәйкес оның соттарының өзінің жеке бастамасы бойынша

басқа мемлекеттің иммунитетін сақтау туралы шешім шығаруын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттің сотындағы талқылау басқа мемлекетке қарсы қозғалған ретінде, егер осы басқа мемлекет:

- a) осындай талқылауда тараптар ретінде көрсетілсе;
- b) талқылауда тараптар ретінде көрсетілмеген, алайда бұл талқылау осындай басқа мемлекеттің меншігін, құқығын, мүдделерін немесе қызметін қозғаса, қаралады.

7 - б а п

Юрисдикцияларды жүзеге асыруға айқын білдірілген келісім

1. Мемлекет басқа мемлекеттің сотында қандай-да бір мәселеге немесе іске қатысты талқылау кезінде, егер ол осы соттың осы мәселеге немесе:

- a) халықаралық келісім;
- b) жазбаша келісім-шарт; немесе
- c) сотта өтініш немесе нақты талқылау шеңберінде жазбаша хабарлама күшінде іске қатысты юрисдикцияны іске асыруға айқын келісім білдірсе, юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

2. Мемлекеттің басқа мемлекеттің заңнамасын қолдануға келісімі осы басқа мемлекет соттарының юрисдикцияларын жүзеге асыруға келісім ретінде ұғынылмауы тиіс.

8 - б а п

Сот талқылауында қатысудың салдары

1. Мемлекет, егер ол:

- a) ол өзі талқылауды қозғаса; немесе
- b) істің мәнін талқылауға қатысса немесе істің мәні бойынша қандай-да бір әрекет қабылдаса басқа мемлекеттің сотында сот талқылауы кезінде юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды. Алайда, егер мемлекет сотта иммунитет туралы мәлімдеме жасауға негіз болып табылатын фактілер туралы оған белгісіз болғанын осындай әрекет қабылдағанға дейін дәлелдесе, ол иммунитетке осы фактілердің негізінде ол оны, мүмкіндігіне қарай, жақын уақытта жасау жағдайында, сілтеме жасай алады.

2. Мемлекет, егер ол талқылауға қатысса немесе жалғыз мақсатпен қандай-да бір басқа әрекет қабылдаса:

- a) иммунитетке сілтеме жасаса; немесе
- b) өзінің құқығы немесе талқылауға қатысты меншікке қатысты мүддесіне айғақ келтірсе басқа мемлекеттің сотының юрисдикциясын жүзеге асыруға келіскен ретінде қарастырылмайды.

3. Мемлекет өкілінің куәгер ретінде айғақтар беру үшін басқа мемлекеттің сотына келуі осы соттың юрисдикцияны жүзеге асыруына алғашқы мемлекеттің келісімі деп

4. Мемлекеттің басқа мемлекеттің сотында талқылауға қатыспауы осы соттың юрисдикцияны жүзеге асыруға алғашқы мемлекеттің келісімі деп ұғылмауы тиіс.

9 - б а п

Қарсы талап қоюлар

1. Басқа мемлекеттің сотында талқылауды қозғаушы мемлекет негізгі талаптағы сол құқық қатынастарына немесе фактілерге негізделген кез-келген қарсы талап қоюға қатысты осы соттың юрисдикциясынан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

2. Басқа мемлекеттің сотында талап қою үшін талқылауға түсетін мемлекет осы мемлекеттің талап қоюындағы сол құқық қатынастарына немесе фактілерге негізделген кез-келген қарсы талап қоюға қатысты осы соттың юрисдикциясынан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

3. Басқа мемлекеттің сотындағы оған қарсы қозғалған талқылау кезінде қарсы талап қойған мемлекет негізгі талапқа қатысты осы соттың юрисдикциясынан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

І І І

б ө л і к

Мемлекеттік иммунитетке сілтеме жасауға болмайтын талқылаулар

1 0 - б а п

Коммерциялық мәмілелер

1. Егер мемлекет шетелдік жеке немесе заңды тұлғалармен коммерциялық мәмілелер жасаса және, халықаралық жеке құқықтың қолданылатын нормаларына байланысты осы коммерциялық мәмілеге қатысты келіспеушіліктер басқа мемлекеттің сотының юрисдикциясына жататын болса, осы мемлекет осы коммерциялық мәміледен туындаған істі талқылау кезінде юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

2 . 1 - т а р м а қ :

- а) мемлекеттер арасында коммерциялық мәмілелер жағдайында; немесе
- б) егер коммерциялық мәміленің тараптары өзгелер туралы анық уағдаласса қ о л д а н ы л м а й д ы .

3 . Е г е р :

- а) талап қою алатын немесе талап арыз бойынша жауапкер болатын; және
- б) осы мемлекет оны пайдалануға немесе оны басқарауға беретін мүлікті қосқанда, мүлік сатып ала алатын, оны өз меншігіне алатын немесе оны иеленетін және билік ететін тәуелсіз құқық субъектілерін иеленген мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекет құрған басқа ұйым осы ұйыммен жасалған коммерциялық мәмілеге байланысты талқылауға қатысса, онда осы мемлекет пайдаланатын юрисдикциядан иммунитетті қозғамайды.

1 1 - б а п

Еңбек шарттары

1. Егер тиісті мемлекеттер өзгелер туралы уағдаласпаса, мемлекет осы басқа мемлекеттің аумағында толық немесе ішінара орындалған немесе орындалуы тиіс жұмысқа қатысты осы мемлекет пен жеке тұлға арасындағы еңбек шартына қатысты істі қарайтын құзыретке ие басқа мемлекеттің сотындағы талқылау кезінде юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

2 . 1 - т а р м а қ , е г е р :

а) қызметкер мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәртібімен нақты міндеттерді орындау үшін жалға алынса;

б) қ ы з м е т к е р :

I) 1961 жылы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында айқындалғандай, дипломатиялық агент;

II) 1963 жылы Консульдық қатынастар туралы Вена конвенциясында айқындалғандай, консульдық лауазымды тұлға;

III) халықаралық ұйымдар, арнайы миссиялар жанындағы тұрақты өкілдіктердің дипломатиялық қызметкері болып табылса, немесе мемлекетті халықаралық конференцияларда білдіруге жалға алынса; немесе

IV) дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын кез-келген басқа адам болып т а б ы л с а ;

с) талқылау мәні жалға алу, жалға алуды қалпына келтіру немесе көрсетілген адамның жұмысын қалпына келтіру болып табылса;

д) талқылау мәні жұмыс беруші мемлекеттің мемлекет басшысының, үкімет басшысының немесе сыртқы істер министрінің анықтауы бойынша жеке тұлғаны жұмыстан шығару немесе жалға алуды тоқтату болса, мұндай талқылау осы мемлекеттің қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын болса;

е) қызметкер, осы тұлға мемлекет сотындағы тұрақты тұратын жері бар жағдайды қоспағанда, талқылау қозғалған сәтінде жұмыс беруші мемлекеттің азаматы болып т а б ы л с а ; н е м е с е

ж) жұмыс беруші мемлекет және қызметкер талқылау мәнісіне байланысты мемлекеттің соттарына ерекше юрисдикция жүктейтін жариялы тәртіппен кез-келген түсінікті ескере отырып, өзгелер туралы жазбаша нысанда келіссе, қолданылмайды.

1 2 - б а п

Жеке басына залал келу және меншік залалы

Егер тиісті мемлекет өзгелер туралы уағдаласпаса, мемлекет, егер мұндай әрекет немесе әрекетсіздік осы басқа мемлекеттің аумағында толықтай немесе ішінара орын алса және егер әрекет немесе әрекетсіздік авторы осы әрекет немесе әрекетсіздік сәтінде осы аумақта болса, мемлекетке болжамды түрде берілуі мүмкін әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде қандай да бір адамның өлімі немесе дене жарақатын алған

немесе мүлікке зиян келтірілген немесе оны жоғалтқан жағдайда ақшалай өндіруге қатысты істі қарауға құзыретті әдетте иеленетін басқа мемлекеттің сотындағы талқылау кезінде юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

1 3 - б а п

Мүлікке меншік, иелік ету және пайдалану құқығы

Егер тиісті мемлекеттер өзге туралы уағдаласпаса, мемлекет мыналарды:

а) сот мемлекетінде болып табылатын жылжымайтын мүлікке қатысты, оларға иелік етуге немесе пайдалануға қатысты осы мемлекеттің кез-келген құқықтарын немесе мүдделерін немесе осы мүлікке қатысты оған иелік ету немесе пайдалануда оның мүдделеріне байланысты пайда болған осы мемлекеттің кез-келген міндеттемелерін;

б) мұраға беру, сыйлау кезінде пайда болатын жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке және иесіз мүліктің пайда болуына қатысты осы мемлекеттің кез-келген құқықтары мен мүдделерін; немесе

с) сенімгерлік меншік, банкроттың меншігі немесе компания таратылған жағдайда, оның меншігі сынды мүлікті басқаруға қатысты осы мемлекеттің кез-келген құқықтары мен мүдделерін белгілеуге қатысты әдетте істі қарау құзыретін иеленетін басқа мемлекеттің сотында сот талқылауы кезінде юрисдикциядан иммунитетті басшылыққа ала алмайды.

1 4 - б а п

Зияткерлік немесе өнеркәсіптік меншік

Егер тиісті мемлекеттер өзге туралы уағдаласпаса, мемлекет мыналарға:

а) патентке, өнеркәсіптік үлгіге, тауарлық немесе фирмалық атауына, тауарлық белгісіне, авторлық құқығына қатысты осы мемлекеттің кез-келген құқықтарын немесе сот мемлекетінде құқықтық қорғауға, оның ішінде уақытша негізде пайдаланылатын зияткерлік немесе өнеркәсіптік меншіктің кез-келген басқа нысанын белгілеуге; немесе

б) а) тармақшада көрсетілгендей осындай сипаттағы үшінші тұлғаға тиесілі және сот мемлекетінде қорғалатын құқықтарды сот мемлекетінің аумағында осы мемлекеттің болжамдалған бұзуына қатысты әдетте істі қарау құзыретін иеленетін басқа мемлекеттің сотында сот талқылауы кезінде юрисдикциядан иммунитетті басшылыққа ала алмайды.

1 5 - б а п

Компанияларға және басқа да бірлестіктерге қатысу

1. Мемлекет оның компанияға немесе заңды тұлға ретінде тіркелген немесе тіркелмеген басқа бірлестікке қатысуына қатысты әдетте істі қарау құзыретін иеленетін басқа мемлекеттің сотында сот талқылауы кезінде, егер сот талқылауы осы бірлестіктің :

а) мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан басқа, өзге қатысушыларының
б а р б о л у ы ;

б) сот мемлекетінің заңнамасына сәйкес тіркелуі немесе қайта құрылуы немесе осы мемлекетте өзінің негізгі кеңсесі немесе негізгі кәсіпорны бар болу талабымен, мемлекет пен бірлестік немесе басқа оның қатысушылары арасындағы өзара қатынастарға қатысты болса, юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

2. Алайда мемлекет, егер бұл туралы тиісті мемлекеттер уағдаласса немесе егер бұл дау кезінде тараптар арасында жазбаша нысанда келісілген болса немесе егер осы туралы ереже мұндай бірлестікті құратын немесе оның қызметін реттейтін құжатта бар болса, юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алады.

1 6 - б а п

Мемлекетке тиесілі немесе олар пайдаланатын кемелер

1. Егер тиісті мемлекеттер өзге туралы уағдаласпаса, кемеңің меншік иесі болып табылатын немесе оны пайдаланатын мемлекет, егер талап арызға негіз болатын факті пайда болған сәтте бұл кеме мемлекеттік коммерциялық емес мақсаттан өзге мақсаттарға пайдаланылса, осы кемеңі пайдалануға қатысты әдетте істі қарау құзыретін иеленетін басқа мемлекеттің сотында сот талқылауы кезінде юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

2. 1-тармақ мемлекетке тиесілі немесе ол пайдаланатын және мемлекеттік коммерциялық қызметті қоспағанда, осы кезеңде пайдаланылатын әскери, көмекші корабльдерге немесе басқа кемелерге қатысты қолданылмайды.

3. Егер тиісті мемлекеттер өзге туралы уағдаласпаса, мемлекет, егер талап арызға негіз болатын факті пайда болған сәтте бұл кеме мемлекеттік коммерциялық емес мақсаттан өзге мақсаттарға пайдаланылса, осы мемлекетке тиесілі немесе ол пайдаланатын кемеңің бортындағы жүкті тасымалдауға қатысты әдетте істі қарау құзыретін иеленетін басқа мемлекеттің сотында сот талқылауы кезінде юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

4. 3-тармақ 2-тармақта көрсетілген кемелердің бортында тасымалданатын кез-келген жүкке, сондай-ақ мемлекетке тиесілі және ол пайдаланатын немесе мемлекеттік коммерциялық мақсаттарды қоспағанда, пайдалануға арналған кез-келген жүкке қолданылмайды.

5. Мемлекет жеке кемелер мен жүктерге және олардың иелеріне берілетін талап мерзімін және жауапкершілікті шектеуді басшылыққа алатын қорғаудың барлық шараларын пайдалана алады.

6. Егер қандай да бір сот талқылауында мемлекеттік және коммерциялық емес сипатта мәселе туындаса, мемлекетке тиесілі немесе ол пайдаланатын кемеңің немесе мемлекетке тиесілі жүктің дипломатиялық өкілден немесе осы мемлекеттің басқа уәкілетті органынан шыққан және кемеңі сүйемелдейтін сертификат осы кемеңің немесе жүктің осындай сипаттағы дәлелі болып табылады.

1 7 - б а п .

Төрелік келісімнің салдары

Егер мемлекет шетелдік жеке немесе заңды тұлғамен коммерциялық мәмілеге қатысты дауларды төрелік талқылауға беру туралы жазбаша келісім жасаса, осы м е м л е к е т

а) төрелік келісімнің жарамдылығына, түсіндіруге немесе қолдануға;

б) төрелік рәсімдерге; немесе

с) егер ол төрелік келісімде өзгеше көзделмесе, төрелік келісімді растауға немесе күшін жоюға қатысты істерді қарауға әдетте құзыреті бар басқа мемлекеттің сотында талқылау кезінде юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасай алмайды.

I V

б ө л і к

Соттағы талқылауға байланысты мәжбүрлеу шараларынан мемлекеттік иммунитет

1 8 - б а п

Сот шешімін шығарғанға дейін мәжбүрлеу шараларынан мемлекет иммунитеті

Сот шешімі шыққанға дейін қабылданатын мемлекет меншігіне қатысты өндіріп алу немесе қамауға алу сияқты ешқандай мәжбүрлеу шаралары:

а) м е м л е к е т :

I) х а л ы қ а р а л ы қ к е л і с і м д е ;

II) төрелік келісімде немесе жазбаша келісім-шартта; немесе

III) тараптар арасында дау туындағаннан кейін сот алдындағы мәлімдемеде немесе жазбаша хабарламада көрсетілген осындай шараларды қабылдауға тікелей келісетін;

б) мемлекет осы талқылаудың объектісі болып табылатын талап арызды қанағаттандыру үшін меншікті резервке қоятын немесе белгілейтін қашан және сол шамадағы жағдайларды қоспағанда, басқа мемлекеттің сотында талқылауға байланысты қабылданбауы мүмкін.

1 9 - б а п

Сот шешімін шығарғаннан кейін мәжбүрлеу шараларынан мемлекет иммунитеті

Сот шешімі шыққанға дейін қабылданатын мемлекет меншігіне қатысты өндіріп алу немесе қамауға алу сияқты ешқандай мәжбүрлеу шаралары:

а) м е м л е к е т :

I) х а л ы қ а р а л ы қ к е л і с і м д е ;

II) төрелік келісімде немесе жазбаша келісім-шартта; немесе

III) тараптар арасында дау туындағаннан кейін сот алдындағы мәлімдемеде немесе жазбаша хабарламада көрсетілген осындай шараларды қабылдауға тікелей келісетін;

б) мемлекет осы талқылаудың объектісі болып табылатын талап арызды қанағаттандыру үшін меншікті резервке қоятын немесе белгілейтін

с) меншік мемлекеттік коммерциялық емес мақсаттарға қарағанда өзге мақсаттарда мемлекеттің тікелей пайдаланатыны немесе пайдалануына арналғандығы және сот шешімі шығарылғаннан кейін мәжбүрлеу шаралары сот талқылауына жіберілгендерге қарсы біліммен байланысы бар меншікке қатысты ғана қабылдануы мүмкін жағдайда сот мемлекетінің аумағында болатындығы анықталатын қашан және сол шамадағы

жағдайларды қоспағанда, басқа мемлекеттің сотында талқылауға байланысты қабылданбауы мүмкін.

2 0 - б а п

Мәжбүрлеу шараларын қабылдауға юрисдикцияны жүзеге асыруға келісудің әсері

Мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін 18 және 19-баптарға сәйкес келісім талап етілетін жағдайда 7-бапқа сәйкес юрисдикцияны жүзеге асыруға келісу мәжбүрлеу шараларын қабылдауға келісуді білдірмейді.

2 1 - б а п

Меншіктің ерекше санаттары

1. Мемлекет меншігінің, атап айтқанда келесі санаттары 19-бапқа сәйкес мемлекеттік коммерциялық емес мақсаттарға қарағанда, өзге мақсаттарда мемлекеттің тікелей пайдаланатын немесе пайдалануына арналған меншігі ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы :

а) мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе оның консулдық мекемелері, арнайы миссиялар, халықаралық ұйымдардың жанындағы өкілдіктер немесе халықаралық ұйымдардың органдарындағы немесе халықаралық конференциялардағы делегациялар функцияларды орындау кезінде пайдаланатын немесе пайдалануға арналған кез-келген б а н к ш о т ы н қ о с қ а н д а , м е н ш і к ;

б) әскери сипаттағы немесе әскери функцияларды орындау кезінде пайдаланылатын немесе пайдалануға арналған м е н ш і к ;

с) орталық банктің немесе мемлекеттің өзге де қаржы органының меншігі;

д) мемлекеттің мәдени мұрасының бөлігін немесе оның мұрағатының бөлігін құрайтын немесе сатуға қойылмаған немесе қоюға арналмаған меншік.

2. 1-тармақ 18-баптың және 19-баптың а мен б) тармақшаларының ережелеріне зиян келтірмейді.

V б ө л і к

Өзге де ережелер

2 2 - б а п

Сот талқылауы туралы құжаттарды тапсыру

1. Сот бұйрығымен немесе мемлекетке қарсы талқылауды қозғау туралы басқа да құжатпен сот талқылауы туралы құжатты тапсыру:

а) сот мемлекеті және тиісті мемлекет үшін күшінде болатын кез-келген қолданылатын халықаралық конвенцияға сәйкес; немесе

б) егер мұны сот мемлекетінің заңымен жоққа шығарылмаса, талапкер мен тиісті мемлекет арасында құжаттарды тапсыру туралы кез-келген арнайы келісімге сәйкес; н е м е с е

с) осындай конвенция немесе арнайы келісімдердің жоқтығымен;

І) дипломатиялық арналар бойынша тиісті мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне ж о л д а у а р қ ы л ы ; н е м е с е

II) егер бұл сот мемлекетінің заңымен жоққа шығарылмаса, тиісті мемлекет танитын кез-келген басқа да тәсілмен жүзеге асырылады.

2 3 - б а п

Сырттай шешім

1 . Е г е р с о т :

- а) 22-баптың 1 және 3-тармақтарында көзделген талаптар сақталғандығын;
- б) сот бұйрығын немесе талқылауды қозғау туралы басқа құжатты тапсыру жүзеге асырған күннен бастап немесе 22-баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес осындай тапсыру жүзеге асырылды деп есептелетін күннен бастап кемінде төрт ай өткенін;
- с) осы Конвенция оған юрисдикцияны жүзеге асыруға кедергі келтірмейтінін анықтамаса, мемлекетке қарсы сырттай шешім шығарылмайды.

2. Қажет кезде ресми тілге немесе тиісті мемлекеттің ресми тілдерінің біреуінің аудармасымен ілесетін мемлекетке қарсы шығарылған кез-келген сырттай шешімнің бір данасы оған 22-баптың 1-тармағында көрсетілген тәсілдердің біреуінің көмегімен және осы тармақтың ережелеріне сәйкес жіберіледі.

3. Сырттай шешімнің күшін жою туралы өтініш беру мерзімі кемінде төрт айды құрайды және, осы шешімнің данасы алынған немесе тиісті мемлекет алды деп есептелетін күннен бастап саналады.

2 4 - б а п

Сот талқылауы барысындағы артықшылықтар мен иммунитеттер

1. Мемлекеттің кез-келген қателігі немесе талабы белгілі бір әрекетті жасау немесе оны жасаудан қалыс қалу, немесе талқылаудың мақсаты үшін қандай да бір құжат немесе кез-келген басқа да ақпарат ұсыну болып табылатын басқа мемлекеттің сот қаулысын орындаудан бас тартуы істің мәнісіне қатысты осындай мінез-құлықтың нәтижесі болып табылатындардан басқа өзге де салдарларға әкеп соқтырмайды. Атап айтқанда, осы мемлекет осындай қателіктің немесе бас тартудың себебінен айыппұлға немесе ж а з а л а у ғ а ұ ш ы р а м а й д ы .

2. Мемлекеттен басқа мемлекеттің сотында өзі жауапкер болып табылатын кез-келген талқылау бойынша сот шығындарын немесе шығыстарын төлеуге кепілдік беру үшін қалай деп аталғанына қарамастан қандай да бір қамтамасыз етуді, кепілді немесе қарымжыны ұсыну талап етілмейді.

V I

б ө л і к

Қорытынды ережелер

2 5 - б а п

Қосымша

Осы Конвенцияға қосымша Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайды.

2 6 - б а п

Басқа да халықаралық келісімдер

Осы Конвенцияда ештеңе осы келісімдердің тараптары ретінде осы конвенцияда қарастырылатын мәселелермен байланысты қолданыстағы халықаралық келісімдер бойынша қатысушы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2 7 - б а п

Дауларды шешу

1. Қатысушы мемлекет осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дауларды шешуге келіссөздер жолымен ұмтылады.

2. Алты айлық кезеңде келіссөздер жолымен реттелмеген осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты екі немесе одан да көп қатысушы мемлекеттер арасындағы кез-келген дау кез-келген осы қатысушы мемлекеттердің өтініші бойынша төрелікке беріледі. Егер төрелік туралы өтінген күннен бастап алты айдың ішінде осы қатысушы мемлекеттер төрелікті ұйымдастыру туралы мәселе бойынша келісімге келе алмаса, кез-келген осы қатысушы мемлекеттердің өтініші бойынша дау Сот Статутына сәйкес Халықаралық Сотқа берілуі мүмкін.

3. Әрбір қатысушы мемлекет осы Конвенцияны қол қою, ратификациялау, қабылдау немесе бекіту кезінде немесе оған қосылу кезінде өзін 2-тармақпен байланыстымын деп есептемейтіндігі туралы мәлімдеме жасай алады.

Басқа қатысушы мемлекеттер осындай ескертпе жасаған кез-келген қатысушы мемлекетке қатысты 2-тармақпен байланысты болмайды.

4. 3-тармаққа сәйкес ескертпе жасаған кез-келген қатысушы мемлекет кез-келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлау жолымен осы ескертпені ала алады.

2 8 - б а п

Қол қою

Осы Конвенция 2007 жылғы 17 қаңтарға дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі Орталық мекемелерінде барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық болады.

2 9 - б а п

Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу

1. Осы Конвенция ратификациялауға, қабылдауға немесе бекітуге жатады.

2. Осы Конвенция кез-келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық қалады.

3. Ратификациялық грамоталар және қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

3 0 - б а п .

Күшіне ену

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына отызыншы ратификациялау грамотасын немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы отызыншы құжатты сақтауға тапсырған күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2. Отызыншы ратификациялау грамотасын немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу

туралы отызыншы құжатты тапсырғаннан кейін конвенцияны ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен немесе оған қосылған әрбір мемлекет үшін Конвенция оған өзінің ратификациялау грамотасын немесе қабылдау, бекіту және қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

3 1 - б а п

Денонсация

1. Кез-келген қатысушы мемлекет біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша хабарлау жолымен осы Конвенцияны денонсациялай алады.

2. Денонсация Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы хабарлама алған күннен бастап бір жыл өткен соң күшіне енеді. Алайда осы Конвенцияны кез-келген тиісті мемлекеттерге қатысты денонсация күшіне енген күнге дейін мемлекеттің юрисдикциялық иммунитеттері туралы кез-келген мәселеге немесе басқа мемлекеттің сотында қандай да бір мемлекетке қарсы талқылау барысында туындаған олардың меншігіне қатысты қолдану жалғаса береді.

3. Денонсация осы Конвенцияға қарамастан халықаралық құқыққа сәйкес осы конвенцияда жазылған ол үшін күші бар кез-келген міндеттемені кез-келген қатысушы мемлекеттің орындау міндеттерін ешқандай да қозғамайды.

3 2 - б а п

Депозитарий және хабарлама

1. Осы Конвенцияның депозитарийі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Осы Конвенцияның депозитарийі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас
х а т ш ы с ы б а р л ы қ м е м л е к е т т і :

а) 29 және 31-баптарға сәйкес осы конвенцияға қол қою және ратификациялау грамоталарын және қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттарды сақтауға тапсыру туралы немесе денонсация туралы хабарлау;

б) 30-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне енетін күні;

с) осы Конвенцияға қатысты кез-келген басқа да құжаттар, хабарлаулар немесе хабарламалар туралы хабардар етеді.

3 3 - б а п .

Дәлме-дәл мәтіндер

Осы Конвенцияның ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндер бірдей түпнұсқалы болып табылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН осыған өздерінің үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қойған өкілетті өкілдер 2007 жылғы 17 қаңтарда Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі Орталық мекемелерінде қол қою үшін ашық осы Конвенцияға қолдарын қойды.

К о н в е н ц и я ғ а

қ о с ы м ш а

Конвенцияда айқындалған ережелерге қатысты түсіндіру

Осы қосымшада тиісті ережелерге қатысты түсіндіру жазылады.

10-бапқа қатысты

10-баптағы "иммунитет" термині жалпы баптың жобасындағы контексте түсінікті болады.

10-баптың 3-тармағы мемлекеттік ұйым наразылықтарды немесе осыған байланысты өзге де мәселелерді қанағаттандырмау үшін өзінің қаржылық жағдайын қасақана дұрыс көрсетпеген немесе соның салдарынан өз активтерінің көлемін төмендеткен ахуалға қатысты мәселелердің "корпоративтік қоршауға ену туралы" мәселесін шешпейді.

11-бапқа қатысты

11-баптың 2 d-тармағында жұмыс беруші мемлекеттің "қауіпсіздік мүдделеріне" сілтеме ең алдымен Ұлттық қауіпсіздік және дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қауіпсіздігі мәселелерін қозғауды мақсат етеді.

1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 41-бабына және 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 55-бабына сәйкес осы баптарда аталған барлық адамдар келген мемлекеттің еңбек заңнамасын сақтауды қосқанда, заңдар мен қаулыларды құрметтеуге міндетті. Сонымен бірге 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 38-бабына және 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 71-бабына сәйкес келген мемлекет өкілдіктің немесе консулдық мекеменің функцияларды жүзеге асыруына тиісті емес түрде араласпайтындай өз юрисдикциясын жүзеге асыруға тиіс.

13 және 14-баптарға қатысты

"белгілеу" деген сөз тек қорғалатын құқықтың болуын қанағаттандыруға немесе растауға ғана емес, сонымен бірге осындай құқықтардың мазмұнын, қамтылуы мен шектелуін қосқанда, мәнін айқындауға немесе бағалауға қатысты пайдаланылады.

17-бапқа қатысты

"коммерциялық мәміле" деген сөздер инвестициялар саласында қолданылады.

19-бапқа қатысты

с) тармақшасындағы "ұйым" ұғымы құқықтың тәуелсіз субъектісі ретіндегі мемлекетті, федеративтік мемлекеттің құрамды бөлігін, мемлекеттің бөлімшесін, мемлекеттің мекемесін немесе институциясын немесе тәуелсіз құқық субъектісі пайдаланатын өзге де ұйымды білдіреді.

с) тармақшасындағы "ұйыммен байланысы бар меншік" деген сөздерді иелену немесе ие болудан гөрі неғұрлым кең ауқымда түсіндірген жөн.

19-бап мемлекеттік ұйым наразылықтарды немесе осыған байланысты басқа да мәселелерді қанағаттандырмау үшін өзінің қаржылық жағдайын қасақана дұрыс көрсетпеген немесе соның салдарынан өз активтерінің көлемін төмендеткен ахуалға қатысты мәселелердің "корпоративтік қоршауға ену туралы" мәселесін шешпейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК